

Ш.Сапарбайқызы¹, А.А.Қуат²

*^{1,2} Ш. Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті,
Қазақстан, Ақтау қ-сы*

БИОЛОГИЯ САБАҒЫНДА БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ БЕЛСЕНДІ ІС-ӘРЕКЕТІН ҰЙЫМДАСТЫРУ

Аңдатпа

Мақалада қазіргі заман талабын қанағаттандыратын табысты оқыту мәселесі қозғалады. Осы сұрақты ашу үшін мақала авторы табысты оқытуды білім алушылардың табысты белсенділігін дамытумен байланыстырады. Автор әртүрлі әдебиеттерде белсенді іс-әрекетке берілген анықтамаларды тұжырымдап, өзінің жұмыс анықтамасын жасақтайды.

Ізденуші биология сабақтарында табысты оқыту жолдарын зерттеуге көңіл бөліп, оқушылардың белсенді ойлауын дамытуға мүмкіндік туғызатын оқу іс-әрекетін саралап, белсенді іс-әрекет теориясының даму тарихына шолу жасайды. Сондай-ақ, негізгі көзқарастарды келтіріп, классификациялайды.

Автордың пікірінше, қазіргі мектеп жағдайында білім алушылардың белсенділігін арттыруда шығармашылықпен орындайтын тапсырмалардың рөлі ерекше. Себебі, мұндай тапсырмалар оқушылардың шығармашылығын арттырып қана қоймай, ізденушілік-зерттеушілік жұмыс жүргізу дағдыларын қалыптастырады. Осы ойды басшылыққа ала отырып, автор ізденуші-зерттеушілік жұмысты кез-келген жаратылыстану пәнінің құрылымына енгізіп, оқушылардың белсенді іс-әрекетін қалыптастыруға болады деген қорытындыға келеді.

Түйінді сөздер: белсенді ойлау, белсенді іс-әрекет, шығармашылық жұмыс, ізденушілік-зерттеушілік жұмыс

Sh.Saparbaykyzy¹, A. Kuat²

*^{1,2} Caspian State University of Technology and Engineering named after Sh.Yessenov,
Kazakhstan, Aktau*

ORGANIZATION OF VIGOROUS ACTIVITY OF STUDENTS IN BIOLOGY CLASSES

Abstract

The article considers the problem of successful training that meets modern requirements posed to the education system. The search for answers to this question leads the author of the article to conclusions about the relationship between successful learning and the development of successful activity among students. The author formulates his own definition of active activity on the basis of the analysis of various points of view of scientists on this problem.

The researcher focuses on the study of successful teaching methods in biology classes, examines the history of the theory of activating educational activities, analyzes educational activities that allow students to develop active thinking, and also classifies the main types of educational activities.

According to the author, a special role in increasing the activity of students in a modern school is performed by creative tasks. This is due to the fact that they not only increase the creative potential of students, but also develop research skills. Guided by this idea, the author comes to the conclusion that research can be included in the structure of any science and contribute to the activation of cognitive activity of students.

Key words: active thinking, action, creative work, research

Ш.Сапарбайқызы¹, А.Қуат²

^{1,2} Каспийский государственный университет технологий и инжиниринга имени Ш.Есенова

ОРГАНИЗАЦИЯ АКТИВНОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ ОБУЧАЮЩИХСЯ НА ЗАНЯТИЯХ ПО БИОЛОГИИ

Аннотация

В статье рассматривается проблема успешного обучения, отвечающего современным требованиям, поставленным перед системой образования. Поиск ответов на этот вопрос приводит автора статьи к выводам о связи успешного обучения с развитием у обучающихся успешной активности. Автор формулирует собственное определение активной деятельности на основе анализа различных точек зрения ученых на эту проблему.

Исследователь сосредотачивается на изучении успешных методов обучения на уроках биологии, рассматривает историю развития теории активизации учебной деятельности, анализирует учебную деятельность, которая позволяет студентам развивать активное мышление, а также приводит классификацию основных видов активизации учебной деятельности.

По мнению автора, особую роль в повышении активности учащихся в современной школе выполняют творческие задания. Это связано с тем, что они не только повышают творческий потенциал студентов, но и развивают навыки исследовательской работы. Руководствуясь этой идеей, автор приходит к выводу, что исследовательская работа может быть включена в структуру любой науки и способствовать активизации познавательной деятельности обучающихся.

Ключевые слова: активное мышление, активные действия, творческая работа, исследовательская работа

Педагогикалық практикада білім алушының даму деңгейіне байланысты жетістіктерді дер уақытында зерттеп тұру қажеттігі күннен-күнге үлкен маңызға ие болуда. Бұл қажеттік тұлғаның қалыптасу процесін тиімді басқару үшін, ондағы жүріп жатқан өзгерістердің тереңдігін, қарқыны мен ерекшеліктерін білу керектігінен туындаған. Осы орайда, К.Д.Ушинскийдің пайымдауынша, оқыту процесі барысында білім алушыға диагностика жасау, яғни адамды алдымен жан-жақты біліп-тану, педагогиканың алдына қойылатын негізгі шарт болып табылады.

Қазіргі заманғы оқытудың зияткерлікті, теориялық білімді және танымдық іс-әрекеттің логикалық механизмдерін қалыптастыруға бағытталғаны белгілі. Білім мен креативтіліктің ара қатынасы шығармашылық ойлауды дамыту мақсатында өтетін оқу іс-әрекетіне, әртүрлі ойлау типіндегі және танымдық іс-әрекет стиліне, оқушылардың қатысуына байланысты. Көптеген психологтар мен педагогтар табысты оқыту адамның қалыптасқан тәжірибесінің сақталып, көбеюіне, сол тәжірибені түрлендіріп белсенділікке апаратын, –деп есептейді. Табыстылық арнайы қасиеттерге ғана тәуелді емес, сондай-ақ қажеттілігіне, қызығушылық пен себептерге, сипатына, темпераментіне, жеке тұлғаның бағытына, қабілетіне оның санасына да тәуелді. Жақсы әлеуеттік мүмкіншіліктерде мұғалім оқушының жоғары қабылдағыштығы мен когнитивті стилін ескере отырып, табысты белсенділік даму үшін оқу-танымдық іс-әрекетті құрып, ойлауын белсендендіре алады.

Ойлаудың продуктивті және репродуктивті топтарға бөлінуі шартты түрде болса да, шығармашылықтан туындайтын ойлау репродуктивтіге қарама-қарсы қойылады. Кез келген ойлау актісінде болжамдарды өндіретін тудырушы бөлім белсенділік және оларды жүзеге асырып, тексерумен байланысты орындаушылық бөлімі болады. Бұл екі көрсетілген құраушылар тек қана ойлауда емес, танымдық үдерісте көрінеді. Белсенді іс-әрекет ойлаудың негізгі төмендегі белгілерін қамтиды [1]:

- ойлау амалдарын орындаудың жоғарғы деңгейі (талдау, жіктеу, теңестіру, салыстыру, нақтылау, абстрактілеу);

- іс-әрекет әдістерінде ойлау амалдарын орындауда байқалатын ойлаудың икемділігі, білімді, білікті, дағдыны қайта құру үшін және бір қасиеттен екіншісіне тез өте алатын қабілеттіліктердің өзгеріп отыруы;

- көрнекі – бейнелік, интуициялық, сөздік-логикалық ойлау түрлерін, әрқайсысының жоғары деңгейде дамуы үшін үйлесімді өзара әсерлесу.

Жоғарыда келтірілген анықтамалардағы негізгі тұжырымдарды қорытындылай отырып, белсенді іс-әрекет – оқушының ойланудың жоғарғы деңгейіне көтеріліп, жаңалыққа ұмтыла отырып, өзінің ішкі қажеттігіне орай, шығармашыл идеяларының логикалық дамыған, тиімді тәсілдері арқылы оң нәтиже туғызуға бағытталып зерттеушілік құзіреттілікке жеткізетін әрекеті, – деп анықтама беруіге болады.

Педагогикалық теорияларда оқу іс-әрекетінің жоғарғы деңгейі оқушылардың белсенділігі болып табылады. Белсенді іс-әрекет репродуктивті, продуктивті, ізденушілік, эвристикалық

деңгейді меңгерудің негізінде және одан да соңғы оқу-танымдық іс-әрекеттің жоғары деңгейі ретінде қарастырылады [2].

Осы қырлары жетілген балалар құзіреттілігі де қалыптасқан оқушылар болып табылады, себебі олар басында айтып кеткендей, кез келен жадаятта тиімді шешім қабылдай алу мүмкіндіктері басқалармен салыстырғанда жоғары болады.

Сондықтан биология сабақтарында оқушылардың белсенді ойлауын дамытуға мүмкіндік туғызатын оқу іс-әрекетін ұйымдастыру формасы – зерттеушілік жағдаяттар мен тапсырмалар және оқу экспериментінің маңызы зор.

Елдің өсіп өркендеуінде техникалық ғылымдардың маңыздылығын Елбасы жолдауында көрсеткендей алдыңғы қатарлы дамыған 50 елдің қатарына қосылу үшін физика, химия, биология сияқты жаратылыстану ғылымдарының дамуы ауадай қажет. Бұл ғылымдардан алынатын білімнің негізгі мазмұнының жаңалық ретінде тұлғалық бағыт беруі оқу үдерісінде мұғаліммен оқушының өзара әсерлесуі арқылы жүзеге асырылады. Осы мәселеге орай, оқушылардың белсенді іс-әрекетін оқу зерттеушілік тапсырмалар арқылы ұйымдастыру қажеттілігін туындатады.

Белсенді іс-әрекетті дамытудың негізін алғашқылардың бірі болып қалаған ұлы педагог Я.А.Коменский: «Мен өз шәкіртімнің әрқашанда өз бетінше бақылауын, практикада өз бетінше тұжырым жасауын дамытуды – білім берудегі негізгі жетістікке жету құралы ретінде қарастырамын. Заттың не құбылыстың түп тамырына жету, анықтау қабілетін дамыту, оны шынайы түсіну және қолдана білу қажет [3]. Оқушылардың білімді өз бетінше меңгеруін дамытуда, сырттан әсер етпей-ақ оқыту барысында олардың белсенділіктері мен бастамаларын көрсете білу икемділіктері мен дағдыларын қалыптастыру да маңызды. Ұлы педагогтың ой тұжырымынан оқушылардың белсенді іс-әрекетін қалыптастыруда практикалық әрекеттердің мәнін көрсеткенін байқаймыз. Сондай практикалық оқыту әдісі, оқуды ұйымдастырудың формасы ретінде оқу-зерттеу экспериментінің орны ерекше.

Көпшілік ғалымдардың көзқарастары бойынша, оқушылардың шығармашылық іс-әрекетін зерттеушілік тапсырмалар арқылы қалыптастыру жаратылыстану және техникалық ғылымдарында ақиқатты табудың және оны дәлелдеудің жолы ретінде танылған, оқу-танымдық іс-әрекет үдерісінде тұлғаның жаңалық ашу арқылы өзін көрсетуі мақсатында қолданылатын құрал екендігін мойындауға негізделеді.

Философиялық сөздікте «эксперимент – құбылыстарды шығарып, бақылауға мүмкіндік беретін дәлдікпен берілген шарттарда, құбылыстарды зерттеудің әдісі», – делінген. Психологиялық тұрғыдан эксперимент немесе зертеу ғылыми танымның негізгі әдістерінің бірі болып, зерттелетін нысананың өзгерістерін бақылау және тіркеу арқылы жүзеге асырылады.

Педагогикалық түсіндірме сөздігінде «эксперимент – тәжірибе жүзінде бақылауды іске асыру» деп береді. Мұнан «эксперимент» ұғымы зерттеу әдісі тұрғысында қолданғандығын көрсетеді. Дидактика саласында экспериментті практикалық оқыту әдісі, оқушының қандай да заттар мен құбылыстардың белгілері мен қасиеттерін өздігімен зерттеу, ізденумен, теориялық білімін практикада ұштастырумен анықтауға мүмкіндік беретін, жаңа білім алуға көмектесетін тәсіл ретінде топтастырылған.

Ендігі бір әдебиеттерде эксперимент оқушының зерттеушілік, ізденушілік әрекетінің ерекше формасы ретінде түсіндіріледі. Зерттеушілік тапсырмалар оқушылардың танымдық, тұлғалық мақсаттарға жетуге мүмкіндік беретінін оқу-танымдық іс-әрекет түрі ретінде және оны ұйымдастыру мәселелеріне (В.И.Матюшкин, М. И. Махмудов, Л. С. Рубинштейн және т.б.) әдіскерлер мен дидактиктердің негізгі еңбектері арналған [4, 5, 6].

Осы және және т.б. ғалымдар зерттеулерінде жаратылыстану ғылымында оқушылардың оқу-танымдық іс-әрекетін ұйымдастыру түрі ретінде оқу-зерттеушілік тапсырмалары қарастырылған. Оқу экспериментінде оқушылардың жасайтын тәжірибелері мен бақылаулары олардың төмендегідей қасиеттерін ұштайды: теория мен практиканы байланыстырады; физика мен техникаға қызығушылықты туғызады; шығармашылық ойлауды - өнертапқыштықты және жасампаздықты туғызады; оқушыларды өз бетінше ізденуге, зерттеулер жасауға жетелейді; оқушылардың бақылағыштығын, көңіл-күйін арттырып, табандылық пен ұқыптылығын дамытады; оқушыны өз еркімен еңбектенуге баулиды.

Оқу зерттеушілік ұғымын саралай келе, оның оқу үдерісінде алатын орнының ерекшелігіне орай: оқу зерттеушілік – ғылыми қойылған тәжірибелер, зерттеу жүргізу арқылы оқушылардың жобалау, бақылау, өздігінен шешім қабылдау, талдау, тексеру, салыстыру, жаңалық ашу біліктілігі мен дағдыларын қалыптастырудағы оқу-танымдық іс-әрекетін ұйымдастыру формасы, – деген анықтамалар берілген.

Мектептегі оқу-зерттеушіліктің құрылымы мақсат, болжау, құрал-жабдықтарды іріктеу, іс-әрекеттің жобасын құру, іс-әрекетті жүзеге асыру, нәтижелерді талдау және алу, сараптау, өз бетінше тұжырым жасау, қорытындылау тізбегімен іске асады. Бұл құрылымдық элементтер жоғары сынып оқушыларында дербестікпен қатар зерттеушілік біліктіліктерді қалыптастыруға мүмкіндік туғызып, шығармашылық іс-әрекетіне негіз болады. Ізденушілік және зерттеушілік жұмыс ғалымдардың берген анықтамаларын саралай келе, оның берілген іс-әрекет түрін ұйымдастыру мен басқару формасы екендігін зерттеу жұмысымыздың негізінде қарастырдық.

Ізденушілік іс-әрекеттің мектептегі оқу экспериментінің жүргізілу тетігі құбылысты зерттеуге мақсат қойылып, болжау құрылады, жұмысқа қажетті құрал-жабдықтарды іріктеп, оқушылардың іс-әрекетінің жобасы құрылады. Іс-әрекет жүзеге асырыла отырып, тиісті нәтижелерді алып, оларды талдап сараптайды. Оқушы өз бетінше тұжырым жасап, нәтиже қорытындыланады. Мектептегі ізденушілік-зерттеушілік жұмыстың жүргізілу тетігіне сүйене отырып, кез келген жаратылыстану пәнінің құрылымына енгізіліп, оқушылардың белсенді іс-әрекетін қалыптастыруға негіз бола алады. Биологиядан зерттеушілік жұмыстың оқушыларды ұқыптылыққа, төзімділікке, қиыншылықты жеңе білуге, ізденушілікке, бақылау білігін дамытуға, политехникалық дағдыларын қалыптастыруға күшті әсер ететіндей тәрбиелік маңызы зор [7].

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Щукина Г.И. *Актуальные вопросы формирования интереса в обучении.* – Москва, 1984.
- 2 Шамова Т.И. *Активизация учения школьников.* – Москва, 1989.
- 3 Я. А. Коменский. *О развитии природных дарований. Изб. пед. соч. в т-2.* – М., 1982.
- 4 Нағымжанова Қ.М. *Инновациялы-креативті технологиялар/ Қ.М. Нағымжанова.* – Өскемен: «Медиа-Альянс». – 2005. – 191 б.
- 5 Махмутов М.И. *Проблемное обучение: основы вопросы теории.* – Москва, 1975. – 365 с.
- 6 Рубинштейн С.Л. *Основы общей психологии в 2 т.* – Москва, 1989.
- 7 Таубаева Ш.Т. *Оқытудың қазіргі технологиялары / Ш.Т. Таубаева. Б.Т. Барсай.* – Бастауыш мектеп. – Алматы, 1999. – №3. – Б. 3-8.